



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының



Ерікті мүшелікке негізделген салықтық кеңес беру саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұл Стандарттар «Салық кеңесшілері палатасы» (республикалық мәртебе) қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – СК палатасы) және «Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылар ұйымдарының одағы» Қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі - Қауымдастық) салықтық кеңес беру стандарттарына, 2015 жылғы 12 қарашадағы «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне, 2018 жылғы 5 қазандағы «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2004 жылғы 9 қарашадағы «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, СК палатасының Жарғысына және қауымдастық Жарғысына сәйкес әзірленді және қолданысқа енгізілді.

2. Бұл Стандарттар Қазақстан Республикасында салықтық кеңес беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде салық кеңесшілері мен

заңды/жеке тұлғалар арасында туындайтын қатынастарды реттейді, салықтық кеңес беру қызметтерін көрсетудің негізгі қағидаттары мен тәртібін айқындайды және СК палатасының Жарғысына және қауымдастық Жарғысына сәйкес әзірленді.

2 бөлім. Стандарттарда қолданылатын негізгі ұғымдар

3. Стандарттарда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Қауымдастық - жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті іске асыру барысында «Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылар ұйымдарының одағы» болып табылатын салық кеңесшілерінің кәсіптік қауымдастық нысанындағы бірлестігі;

2) Салық кеңесшілерінің бірыңғай тізілімі – «Салық кеңесшісі» біліктілігі бар тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын СК палатасының ақпараттық жүйесі;

3) Салық кеңесшілер ұйымдарының бірыңғай тізілімі – «Салық кеңесшілері ұйымының» біліктілігі бар заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер туралы мәліметтерді қамтитын қауымдастықтың ақпараттық жүйесі;

4) Салық кеңесшілері біліктілік куәлігі – жеке тұлғаға салық кеңесшісі қызметтерін көрсету үшін даярлығы, кәсіптік білімі мен дағдылары деңгейіне қойылатын талаптарға тұлғаның кәсіби мәртебесін және сәйкестігін растайтын, СК палатасы берген құжат;

5) Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігі – заңды тұлғаға және (немесе) жеке кәсіпкерге Қауымдастық берген, Салық кеңесшілері ұйымы ретінде заңды тұлғаның және (немесе) жеке кәсіпкердің кәсіптік мәртебесін растайтын құжат;

6) Кеңесші - салықтық кеңес беру қызметтерін көрсететін Салық кеңесшілерінің ұйымы және (немесе) Салық кеңесшісі;

7) Кеңес берілетін тұлға немесе клиент – Салық кеңесшілері ұйымымен немесе Салық кеңесшісімен салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасқан жеке тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы және (немесе) өкілдігі;

8) Салық кодексі – қолданыстағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі;

9) Салық кеңесшісі – біліктілі «Салық кеңесшісі» куәлігімен расталған, СК палатасының мүшесі болып табылатын және Салық кеңесшілері бірыңғай тізіліміне енгізілген жеке тұлға;

10) Салық кеңесшілері ұйымы - біліктілігі «Салық кеңесшілері ұйымы» біліктілік куәлігімен расталған, қауымдастықтың мүшесі болып табылатын және Салық кеңесшілер ұйымдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға және (немесе) жеке кәсіпкер;

11) СК палатасы - салық қатынастары саласындағы білікті мамандарды өзіне шоғырландыратын кәсіби қоғамдық бірлестік, жеке тұлғалардың ерікті бірлестігі негізінде құрылған, кәсіптік саладағы өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым;

12) Салық кеңесшілері кәсіптік ұйымдастыру қағидалары - Салық кеңесшілері мен оның мүшелерінің кәсіби ұйымының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын құжат;

13) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы – салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз ету мақсатында құрылған, «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйым. Салықтық кеңес беру стандарттарының мақсаттары үшін - СК палатасы және Қауымдастық;

14) Мемлекеттік реттеуші орган - салық қатынастары және салықтық кеңес беру саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) Салықтық кеңес беру стандарты немесе стандарт - Салық кеңесшілер ұйымдарының және Салық кеңесшілерінің салықтық кеңес берудің бірыңғай және міндетті қағидалары мен қағидаттарын қамтудағы талаптарды белгілейтін құжат.

4. Салықтық кеңес берудің жекелеген стандарттарының өздері белгілеген мағыналары бар өз ұғымдары болуы мүмкін.

5. Осы стандарттарда пайдаланылатын Қазақстан Республикасының Азаматтық, салық және басқа да құқық салаларының ұғымдары мен анықтамалары, егер стандарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының осы құқық салаларында олар қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

3 бөлім. Стандарттардың талаптарын сақтау

6. Салықтық кеңес беру стандарттары салықтық кеңес беру субъектілерінің – СК палатасының немесе Қауымдастықтың мүшелері қолдануы үшін міндетті болып табылады.

7. СК палатасы мен Қауымдастық мүшелері салықтық кеңес беру саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы стандарттарды басшылыққа алады.

4 бөлім. Стандарттар тізімі

8. Салықтық кеңес беру стандарттарына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының Әдеп кодексі (№1 СКС)

2) «Салықтық кеңес беру ұғымы және қағидалары» №2 СКС салықтық кеңес беру стандарты;

3) «Салық кеңесшісінің кәсіби қызметінің тәуелсіздігі» атты №3 СКС салықтық кеңес беру стандарты;

4) «Салықтық кеңес беру бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасау тәртібі» №4 СКС салықтық консультация беру стандарты;

5) «Салықтық кеңес беру бойынша есепті (қорытындыны) жасау және ұсыну тәртібі» №5 СКС салықтық кеңес беру стандарты;

6) «Салықтық тексерулер жүргізу кезінде салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету тәртібі» №6 СКС салықтық кеңес беру стандарты;

7) «Салық дауын сотқа дейін реттеу барысында және сотта клиенттің (сенім білдірушінің) мүдделерін білдіру» №7 СКС салықтық кеңес беру стандарты;

8) «Салық кеңесшілері ұйымының жұмыс сапасына ішкі бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар» №8 СКС салықтық кеңес беру стандарты.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және
бухгалтерлік есеп саласындағы
салық кеңесшілері мен
сарапшылары ұйымдарының одағы»
Қауымдастық нысанындағы жеке
кәсіпкерлер және заңды тұлғалар
бірлестігінің құрылтайшыларының
жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



(ҚОЛЫ, МӨР)

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



(ҚОЛЫ, МӨР)

№1 СКС салықтық кеңес беру стандарты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ КЕҢЕСШІЛЕРІ МЕН САЛЫҚ КЕҢЕСШІЛЕР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

1 бөлім. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Қазақстан Республикасының Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымдарының осы Әдеп кодексінде (бұдан әрі мәтін бойынша – Әдеп Кодексі) пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Бәсекелестік - шаруашылық жүргізуші субъектілердің дербес іс-қимылдары олардың әрқайсысының тиісті тауарлар/көрсетілетін қызметтер нарығындағы тауарлар/көрсетілетін қызметтер айналысының жалпы жағдайларына біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін жарыспалылығы;

2) Жосықсыз бәсекелестік – қолданыстағы заңнаманың ережелеріне, іскерлік айналым дәстүрлеріне, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келетін және басқа шаруашылық жүргізуші бәсекелес субъектілерге залал келтіруі немесе олардың іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметте артықшылықтар алуға бағытталған кез келген іс-әрекеті.

2. Егер Әдеп кодексінде өзгеше көзделмесе, Әдеп кодексінде пайдаланылатын салықтық кеңес беру стандарттарының ұғымдары мен анықтамалары салықтық кеңес беру стандарттарында қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

2 бөлім. Жалпы ережелер

3. Осы Әдеп кодексі қоғамдық реттеу құралы және Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының кәсіби қызметін қамтамасыз ететін әдептілік тетігі болып табылады.

4. Осы Әдеп кодексі Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымдарының күш - жігерін салықтық кеңес беру саласындағы кәсіби көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының қоғамдық сенімін, адалдығы мен кәсібилігін қалыптастыру мақсатында біріктіруге бағытталған.

5. Осы Әдеп кодексі Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының мемлекеттік билік органдарымен, клиенттермен, серіктестермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста парасаттылық және моральдық нормаларды қолдануына негіз болып табылады.

6. Қауымдастық және СК палатасы өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде «Салық кеңесшісі» мамандығының жауапкершілігі мен мәнін мойындай отырып, Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары қызметінің негізгі стандарты болып табылатын осы Әдеп кодексін қабылдау туралы шешім қабылдады.

7. Әдеп кодексі мыналарды белгілейді:

1) Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының қызмет әдебінің кәсіби негіздерін;

2) Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының өзара қарым-қатынастары кәсіби әдебінің нормаларын;

3) Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының клиенттермен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасы кәсіби әдебінің нормаларын;

4) Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының кәсіптік әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауаптылығын.

8. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының қызметі айқындалады:

1) белгілі бір кәсіби дағдыларды меңгерумен;

2) кәсіби салықтық кеңес беруді қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асырылуымен;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және өзге де заңнамасына қатаң сәйкестікте кәсіби қызметтер көрсетумен байланысты жүзеге асырады.

3 бөлім. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының кәсіби әдеп негіздері

9. Мемлекеттің тиімді экономикалық саясатының қажетті құралы ретінде Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары дербес қызмет түрін көрсету үшін - тәуелсіз кәсіби салықтық кеңес беруді жүзеге асыру бағытындағы іс - әрекеттерге қатысады.

10. Әдептік мінез-құлық Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының, мемлекеттік органдардың, клиенттердің, серіктестердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге және Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының тиімді қызметіне ықпал етуге негізделуі керек.

11. Салық кеңесшілері қызметінің базалық қағидаттары:

1) кәсіби құзыреттілік. Салық кеңесшісі немесе Салық кеңесшілері ұйымы құқықтық нормаларды, ережелер мен стандарттарды пайдалану бойынша тұрақты біліктілікті арттыруға негізделген кәсіби білімнің жоғары деңгейін ұстап тұруы керек, сонымен қатар мамандыққа нұқсан келтіруі мүмкін кез-келген мінез-құлықтан аулақ болуы қажет;

2) адалдық. Клиенттерге кәсіби қызмет көрсету кезінде Салық кеңесшілері және Салық кеңесшілері ұйымы адал және ашық әрекет етуі қажет;

3) тәуелсіздік. Кәсіби қызметтер көрсету кезінде Салық кеңесшісі және Салық кеңесшілері ұйымы тәуелсіз және дербес әрекет етеді;

4) адалдық. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының адалдығы мәселелер кешенін толық қарау және пысықтау, сондай-ақ клиент пен мемлекеттің мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте және клиентпен шартта айқындалған қызметтер шегінде шешімдердің ықтимал нұсқаларын толық талдау қамтамасыз етілуге тиіс;

5) объективтілік және бейтараптық. Кәсіби қызметтер көрсету кезінде Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының пікіріне қандайда бір алдын ала айтылған ескертулер, қандайда бір тараптың мүддесіне ықпал ететін жағдайлар, мүдделер қақтығыстары, өзге адамдар немесе өзге де мән-жайлар әсер етпеуге тиіс;

6) заңдылық. кезінде Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының заңды мүлтіксіз орындауға, өз қызметін заңды түрде жүзеге асыруға және дұрыс ақпаратты пайдалануға тиіс;

7) құпиялылық. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттен алынған ақпарат құпиясын сақтауға міндетті;

8) жауапкершілік. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының кәсіби қызметтер көрсету кезінде көрсетілген қызметтердің сапасына дербес жауапты болады;

9) дұрыстығы. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары әріптестердің кәсіби қызмет жөніндегі пікірін құрметтеуге және даулы жағдайлар туғызбауға міндетті.

4 бөлім. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының өзара қарым-қатынасындағы кәсіби әдеп нормалары

12. Қазақстан Республикасында кәсіби салықтық кеңес беруді, сондай-ақ Қауымдастықтар мен СК палаталары, Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының мүдделерін дамыту мақсатында:

- 1) Қауымдастық пен СК палатасының жұмысына белсенді қатысады;
- 2) Қауымдастықтың және (немесе) СК палатасының басқарушы органдарының шешімдерін орындайды;
- 3) басқада Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарымен ынтымақтасады;
- 4) кәсіби ақпаратпен және жұмыс тәжірибесімен алмасады.

13. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асырады.

14. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары кәсіптік салықтық кеңес беруді қалыптастыру мақсатында Қауымдастық және (немесе) СК палатасы бекіткен нормаларды, қағидалар мен стандарттарды сақтайды.

15. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары туындаған барлық жағдайларды объективті және бейтарап түрде қарастырады.

16. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары кәсіби қызмет түрі ретінде кәсіби салықтық кеңес беруге қоғамдық сенімді сақтау және арттыру мақсатында өз қызметінде жоғары моральдық принциптерді ұстанады.

17. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары өздерінің кәсіби қызметінде кәсіби теріс пиғылды жағдайларға жол бермейді.

18. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары басқа Салық кеңесшілеріне немесе Салық кеңесшілер ұйымдарына мейірімділікпен қарайды, олардың қызметін және әріптестеріне зиян келтіретін өзге де саналы іс-әрекеттерді негізсіз сынға алудан бас тартады.

19. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары бұқаралық ақпарат құралдарында өзара шабуылдардан аулақ болуға тиіс.

20. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары жарнамалық акциялар өткізу кезінде, каталогтар шығару кезінде және ақпарат берудің басқа да нысандары кезінде объективті болуға тиіс.

21. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары адал және шыншыл бәсекелестік қағидағтарын сақтайды. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары басқа салық кеңесшілері мен салық кеңесшілерінің

ұйымдарына, өзге де заңды және жеке тұлғаларға қатысты салықтық кеңес беру нарығында жосықсыз бәсекелестік әдістерін пайдаланбауға тиіс.

22. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары бәсекелестер мен олардың іскерлік беделіне қатысты объективті емес немесе жаңылыстыратын мәлімдемелер жасамауы керек.

23. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары кәсіби салық бойынша кеңес беруді, СК палатасына және (немесе) Қауымдастыққа кір келтіретін қызметті жүзеге асырмауға тиіс.

5 бөлім. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілерінің ұйымдарының клиенттер мен мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас кезіндегі кәсіби әдеп нормалары

24. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары өздерінің кәсіптік қызметі процесінде Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының заңнамасын, Стандарттары мен Ережелерін сақтай отырып, кәсіптік қызметтердің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

25. Кәсіби салықтық кеңес беру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі клиентпен жасалған қызметтер көрсетуге арналған шартпен айқындалады.

26. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары клиенттерге ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне, жынысына қарай кәсіби қызмет көрсетуден бас тарта алмайды.

27. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілерінің ұйымдары жасалған шарттарға сәйкес клиенттердің мүдделерін сақтау, қорғау мақсатында өздеріне жүктелген міндеттемелерді қабылдайды.

28. Салық кодексінің нормаларына сәйкес салық төлеуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарда жеке өзі немесе заңды, уәкілетті өкілі арқылы және Салық кеңесшісінің қатысуымен өз мүдделерін білдіруге құқылы.

29. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары клиентті өзінің беделіне, құзыреттілік деңгейіне және кәсіби біліктілігіне қатысты адастырмауы керек.

30. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілерінің ұйымдарының жеке өзінің мүддесі үшін, егер шартқа өзгеше көзделмесе, кәсіби қызметтерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

31. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілерінің ұйымдары салық бойынша кеңес беру мәселелеріне қатысы бар ақпаратты бұрмалаудан және (немесе) жасырудан аулақ болуға және жүктелген өкілеттіктер шеңберінде шартқа сәйкес өзінің кәсіптік қызметін жүргізуге тиіс.

32. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

33. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары кәсіптік қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының салық және өзге де

заңнамасын сақтай отырып, клиенттің мүдделерін басшылыққа алуға және клиентті салық төлеуден және салық органдарын алдаудан жалтару мақсатында бұрмалауларға ықпал етпеуге тиіс.

34. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары бюджет мүдделері мен клиент мүдделері арасындағы теңдік қағидатын және салық кеңесшісінің кәсіби қызметінің тәуелсіздігін сақтауы керек.

35. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары клиенттермен жұмыс жасауда құпиялылықты сақтауы керек:

1) кәсіби қызметтер көрсету кезінде алынған клиенттің істері туралы құпия ақпаратты клиентпен жасалған шартта айқындалған уақыт ішінде, ал егер мұндай ақпаратты шарт тараптары айқындамаса, онда шектеусіз уақыт ішінде және клиентпен тікелей қатынастардың жалғасуына немесе тоқтатылуына қарамастан құпия сақтауға міндетті;

2) кәсіби қызметтерді орындау кезінде белгілі болған клиенттің құпия ақпаратын жеке бас пайдасы үшін немесе кез келген үшінші тараптың пайдасы үшін, сондай-ақ клиенттің мүдделеріне зиян келтірмеуге міндетті.

36. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары клиенттің құпия ақпаратын, оған Салық кеңесшісінің және (немесе) Салық кеңесшілерінің ұйымының персоналы мен қосалқы мердігерлері қол жеткізе алатын ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға жауап береді.

37. Салық, сот және өзге де органдарда, сондай-ақ оның өзге заңды және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынастарында клиенттің мүдделерін қорғай отырып, Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары қорғалатын мүдделердің заңды негіздерде туындағанына сенімді болуға тиіс.

6 бөлім. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының кәсіптік әдеп нормаларын бұзғаны үшін жауаптылығы

38. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымы салық Жарғысының нормаларын немесе Әдеп кодексін бұзған жағдайда, жәбірленуші тарап Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының басқару органдарына немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының біліктілік комиссиясына жүгіне алады.

39. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдарының қаржылық және басқа да міндеттемелерді кәсіптік әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталған және расталған жағдайда, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының басқару органдары немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының біліктілік комиссиясы белгілі бір өкілеттіктерге сәйкес Салық кеңесшіне немесе Салық кеңесшілері ұйымына заңнамада көзделген жауапкершілік шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысымен және Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігін немесе Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігін кері қайтарып алу туралы шешімді қоса алғанда, осы Әдеп кодексімен айқындалады.

40. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымының, егер Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысында және (немесе) осы Әдеп кодексінде өзгеше көзделмесе, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының басқару органының немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының біліктілік комиссиясының шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар.



**САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ**

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



(КОЛЫ, МӨР)

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



(КОЛЫ, МӨР)

№2 СКС салықтық кеңес беру стандарты САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАЛАРЫ

1 бөлім. Қазақстан Республикасындағы салықтық кеңес беру

1. Қазақстан Республикасындағы салықтық кеңес беру – заңды және жеке тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі - Кеңес берілетін тұлға немесе Клиент) салықтық кеңес беру субъектілері Қазақстан Республикасының салық заңнамасын және салықтар, бюджетке төленетін төлемдер және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелердің орындалуын реттейтін өзге де заңнаманы орындауы бойынша көрсететін білікті көмек.

2. Салықтық кеңес беру келесі қызметтерді қамтиды:

1) салық заңнамасының және салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелердің орындалуын реттейтін өзге де заңнаманың ережелерін қолдану мәселелері бойынша кеңес беру, оларды қолдану бойынша қорытындыларды дайындау;

2) Кеңес берілетін тұлғаның қызметін салықтық жоспарлау, салықтық тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ салықтық есепке алуды жүргізу, салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібі жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, олардың салықтық міндеттемелерді орындау тәртібі бойынша ұсынымдар дайындау;

3) Кеңес берілетін тұлғаның салық есептілігін, салық органдарына табыс етілуге жататын өзге де құжаттарды әзірлейді және салық органдарына табыс етуді, сондай-ақ салық заңнамасында белгіленген жағдайларда осы құжаттарды растауды қамтиды;

4) салық, сот және өзге де органдарда салық салу мәселелері бойынша Кеңес берілетін тұлғаның атынан және оның тапсырмасы бойынша өкілдік ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген жағдайларда кеңес берілетін тұлғаның салық міндеттемелерін орындаудағы өкілдігі;

5) Кеңес берілетін тұлғаның салықтық есебін қою және жүргізу;

6) Салық кеңесшісінің сот, құқық қорғау және басқа да органдарға салық қатынастары мәселелері бойынша маман немесе сарапшы ретінде қатысуы;

7) Кеңес берілетін тұлғанның салықтық және (немесе) бухгалтерлік есептерінің Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу;

8) Кеңес берілетін тұлғаның салық міндеттемесін орындау жөніндегі өзге де қызметтер.

3. Салықтық кеңес берудің өтеулі қызметтерін көрсетуді Салық кеңесшілер ұйымдары және өз қызметін жеке кәсіпкер ретінде жүзеге асыратын Салық кеңесшілері не болмаса кеңес берілетін тұлғамен жасалған шартта белгіленген өзге де негіздерде жүзеге асырады.

4. Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілер ұйымдары салық кеңесшілерінің субъектілері болып табылады.

2 бөлім. Салықтық кеңес берудің негізгі қағидалары

5. Салықтық кеңес берудің негізгі қағидалары:

- 1) заңдылық;
- 2) тәуелсіздік;
- 3) объективтілік;
- 4) кәсіби құзыреттілік;
- 5) құпиялылық;
- 6) сенімділік.

3 бөлім. Салықтық кеңес беруші субъектінің кәсіптік құпиясы

6. Салықтық кеңес беру кезінде құпияны кеңес берілетін тұлғаның салықтық кеңес беру субъектісіне өтініш жасау фактісі, Кеңес берілетін тұлғамен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны, салықтық кеңес беру субъектісі тарапынан кеңес берілетін тұлғаның мүддесі үшін қабылданатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ өтінішке байланысты өзге де ақпараттар құрайды.

7. Салықтық кеңес беру құпиясы заңмен қорғалады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, салықтық кеңес беру субъектілері өздеріне белгілі мәліметтерге қатысты куәгер ретінде тартыла алмайды.

8. Салықтық кеңес беру субъектілерінің салықтық кеңес берудің кәсіптік құпиясын құрайтын қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделерінде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдалануға құқығы жоқ.

9. Салықтық кеңес берудің кәсіптік құпиясын жария етпеу туралы талапты бұзу кінәлі адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Салықтық кеңес беру субъектілерінің қызметін ұйымдастыру

4 бөлім. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы

10. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы - салықтық кеңес беру жөніндегі қызметті қамтамасыз ету мақсатында құрылған, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізілген өзін-өзі реттейтін ұйым:

- 1) кәсіпкерлік қызмет саласында;
- 2) кәсіптік қызмет саласында жүзеге асырылады.

11. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Стандарттармен және Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ережелерімен реттеледі.

12. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының мәртебесі өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізілген күннен бастап есепке алынады.

13. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының құрылымы мен жұмыс органдары Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасына сәйкес оның Жарғысында айқындалады.

14. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының қызметі оның мүшелерінің мүшелік жарналары оның Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер есебінен қаржыландырылады.

15. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы, оның мүшелері мен олардың қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөніндегі, сондай-ақ мұндай жанжалды уақтылы реттеу жөніндегі шараларды дер кезінде қабылдауға міндетті.

5 бөлім. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының құқықтары мен міндеттері

16. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы құқылы:

1) Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының мүшелігіне (қатысушыларына) қабылдаудың және мүшелігін (қатысуын) тоқтатудың шарттары мен тәртібін белгілеуге;

2) қажет болған жағдайда, Салық кеңесшілері кәсіби ұйымына мүшелігі туралы куәлік беруге;

3) Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының мүшелері үшін міндетті қағидалары мен стандарттарын бекітуге;

4) салықтық кеңес беру субъектілерін аттестаттау тәртібін әзірлеуге және бекітуге;

5) салықтық кеңес беру бойынша өтеусіз көмек көрсетудің көлемі мен тәртібін белгілеуге;

6) мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының немесе салықтық кеңес беру субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын кез келген актілеріне, шешімдеріне және (немесе) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз атынан шағым айтуға құқылы;

7) мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген функцияларды орындауы үшін қажетті ақпаратты сұратуға және осы органдардан ақпарат алуға;

8) салықтық кеңес беру саласындағы халықаралық бірлестіктерге кіруге;

9) Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы белгілеген жарналарды және Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының мүлкін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған жарналарды жинауға;

10) салықтық кеңес беру субъектілерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын жүргізуге;

11) салықтық кеңес беру субъектілерінің рейтингін жүргізу және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

12) заңдарда және оның Жарғысында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

17. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы Салық кеңесшісі ретінде қызметін жүзеге асыру барысында құқылы:

1) Салық кеңесшілерінің санаттарын белгілеуге;

2) Салық кеңесшілерінің санаттары бойынша біліктілік талаптарын белгілеуге және біліктілік куәлігін алуға кандидаттарды аттестаттаудан өткізуге;

3) кандидаттарды аттестаттау нәтижелері бойынша салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігін беруге;

4) қажет болған жағдайда, Салық кеңесшілеріне Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы мүшелік туралы куәлік беруге;

5) Жарғыда, Ережелерде немесе Стандарттарда көзделген жағдайларда Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігін беруден бас тартуға;

6) Жарғыда, Ережелерде немесе Стандарттарда белгіленген тәртіппен Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігінен айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдауға;

7) Заңдарда және оның Жарғысында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

18. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы құқылы:

1) Салық кеңесшілері ұйымына біліктілік куәлігін беруге;

2) қажет болған жағдайда, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымына мүшелігі туралы куәлік беруге;

3) Жарғыда, Ережелерде немесе Стандарттарда көзделген жағдайларда салық кеңесшісі ұйымының біліктілік куәлігін беруден бас тартуға;

4) Жарғыда, Ережелерде немесе Стандарттарда белгіленген тәртіппен және жағдайларда Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінен айыру немесе оның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдауға;

5) заңдарда және оның құрылтай құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

19. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының қағидалары мен стандарттарын сақтауға;

2) мемлекеттік реттеуші органдарға қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілік комиссиясын және мамандандырылған органдарды құруға;

4) салық бойынша кеңес беру субъектілерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өткені туралы біліктілік куәліктерін, сертификаттарын беру ережелерін әзірлеу және бекітуге;

5) мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ салық кеңесшілерінің халықаралық ұйымдарында салықтық кеңес беру субъектілерінің мүдделерін білдіруге;

6) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйым мүшелерінің нормативтік құқықтық актілерін, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ережелері мен стандарттарының талаптарын бұзуы туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға;

7) салықтық кеңес беру субъектілерінің тізілімін, тиісінше Салық кеңесшілерінің бірыңғай тізілімін немесе Салық кеңесшілер ұйымдарының бірыңғай тізілімін жүргізуге;

8) біліктілік комиссиясының мүшелерін сайлауға;

9) өз мүшелерінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ережелері мен стандарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

10) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысында көзделген негіздер бойынша Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымынан мүшелерді шығаруға;

11) салықтық кеңес беру субъектісінің біліктілік куәлігін беру, тоқтата тұру, тоқтату және одан айыру туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында таратуға және (немесе) мерзімді баспа басылымдарында жариялауға;

12) Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымы ақшасының түсуі және жұмсалуды туралы өз мүшелерін хабардар етуге.

20. Қазақстан Республикасының заңдарында және Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымының Жарғысында Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымының өзге де міндеттері белгіленуі мүмкін.

6 бөлім. Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымына мүшелік

21. Салық кеңесшісі кәсіби қызмет саласындағы Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымының мүшесі болуға міндетті.

22. Жеке кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік қызметті іске асыруға байланысты Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымына ерікті түрде мүше бола алады.

23. Салық кеңесшілерінің Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының мүшелігіне кіру тәртібін оның мамандандырылған деңгейіне қарай ұйым өзі айқындайды.

24. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының мүшелігіне кіру тәртібін кәсіпкерлік қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы айқындайды.

25. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының мүшелігіне кіру үшін кандидаттар мыналарды ұсынады:

1) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) Салық кеңесшілері ұйымының құрамында Салық кеңесшілері болып табылатын құрылтайшылардың немесе қызметкерлердің болуын растайтын құжаттар.

26. Тұлға Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымға мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешіміне Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының іс - әрекетіне сотқа шағым жасауға құқылы.

27. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымына мүшелік мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

1) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы мүшесінің өтініші бойынша;

2) Жарғыда немесе осы Стандартта көзделген негіздер бойынша.

28. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кешіктірмей, мұндай шешімді Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының интернет-ресурсына таратуға, сондай-ақ

шешімнің көшірмесін Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымына мүшелігі тоқтатылған тиісті тұлғаға жіберуге міндетті.

29. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымның мүшелігінен шығаруға Салық кеңесшісі немесе Салық кеңесшісі ұйымы сотқа шағым жасауы мүмкін.

7 бөлім. Салық кеңесшісі

30. Кәсіби біліктілік қызметі Салық кеңесшісінің кәсіби ұйымы белгілеген тиісті санаты бойынша біліктілік куәлігімен расталған жеке тұлға Салық кеңесшісі болып табылады.

31. Жеке тұлғаны Салық кеңесшілері кәсіби ұйымына мүшелікке қабылдау және мүшелігін тоқтату шарттары мен тәртібі Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының Жарғысында белгіленеді.

8 бөлім. Салық кеңесшісінің құқықтары мен міндеттері

32. Салық кеңесшісі құқылы:

1) салықтық кеңес беру бойынша, оның ішінде кеңес берілетін тұлғаға салықтық тексеру жүргізу кезінде қызмет көрсету;

2) салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсетуде шартты орындау кезінде кеңес берілетін тұлғадан қажетті қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және өзге де құжаттаманы, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсіндірулерді, толық және дұрыс мәліметтерді алуға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Салық кеңесшілері салық заңнамасында реттелетін құқықтық қатынас негізінде салық, сот және өзге де органдарда сарапшы, маман ретінде әрекет етуге;

4) салықтық кеңес беру бойынша ақысыз көмек көрсету;

5) салықтық кеңес беру бойынша қызметтерден басқа өз қызметінің бейіні бойынша келесі қызметтерді көрсетуге:

бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруға;

қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық, қаржылық басқарушылық қызметі бойынша кеңес беруге;

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша кеңес беру және қызметтер көрсетуге;

салық салу, салықтық және бухгалтерлік есепке алуды жүргізу, салықтық және қаржылық есептілікті жасау, қаржылық-шаруашылық қызметті талдау және салықтық жоспарлау мәселелері бойынша оқытуға;

салықтық және бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді автоматтандыру және салықтық және қаржылық есептілікті жасау бойынша ұсынымдар беру, салықтық және бухгалтерлік есепке алуды автоматтандырылған жүргізуді және салықтық және қаржылық есептілікті жасауды оқытуға;

салықтық кеңес берумен байланысты заң қызметтерін көрсетуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтерді көрсетуге;

6) мемлекеттік реттеуші органның немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдануға;

7) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

33. Салық кеңесшісі міндетті:

1) Салық кеңесшілері ұйымының құрамында қатысушы немесе қызметкер ретінде не жеке кәсіпкер ретінде не онымен жасалған шарттың өзге де талаптарына сәйкес салықтық кеңес беру саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын, салықтық кеңес беру туралы заңнаманы сақтауға;

3) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысын, Ережелері мен Стандарттарын сақтауға;

4) кеңес берілетін тұлғаға салықтық және (немесе) бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және салық салуға байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат беруге;

5) салықтық кеңес беру барысында кеңес берілетін тұлғадан және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;

6) Салық кеңесшілерінің кәсіби құпиясын жария етпеуге;

7) заңнамаға сәйкес басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

9 бөлім. Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігі

34. Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігі, тұлғаның Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы айқындайтын тәртіппен, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымына мүше жеке тұлғаға, салықтық кеңес беру қызметтерін көрсету үшін даярлық, кәсіптік білім мен дағдылар деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын үш жыл мерзімге берілген құжат болып табылады.

Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының осы стандартты қолданылғанға дейінгі Салық кеңесшілеріне берген біліктілік куәліктері 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

35. Біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жаңа біліктілік куәлігі салық кеңесшісіне бірнеше рет қайта берілуі мүмкін.

36. Кәсіби қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы Салық кеңесшілерінің мамандануына байланысты белгіленген салық кеңесшілерінің санаттары бойынша Салық кеңесшісінің біліктілік куәліктерін береді.

37. Аттестаттаудан өткен адамдар тиісті санат бойынша Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігін алады және салық кеңесшісінің бірыңғай тізіліміне енгізіледі. «Салық кеңесшісі» біліктілігін беру туралы шешім Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ресми сайтында жарияланады.

38. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысында белгіленген жағдайларда Салық кеңесшісі біліктілік куәлігінің қолданылуы тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

39. Салық кеңесшісі біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Салық кеңесшісінің өтініші негізінде;

2) Салық кеңесшісінің Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысын, оның Ережелер мен Стандарттарын сақтамауына байланысты тоқтатыла тұрады.

40. Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының алқалы басқару органының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

41. Салық кеңесшісі біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтату мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Салық кеңесшісінің өтініші негізінде;

2) адам қайтыс болған жағдайда;

3) адам соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кетті деп танылған жағдайларда;

4) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда;

5) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

6) Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының алқалы басқару органының шешімі негізінде соттан тыс тәртіппен Салық кеңесшісі біліктілік куәлігінен айырылған жағдайда;

7) сот тәртібімен Салық кеңесшісі біліктілік куәлігінен айырылған жағдайда;

8) Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігінің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты.

42. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының алқалы басқару органының шешімі негізінде соттан тыс тәртіппен Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігінен айыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) Салықтық кеңес беру субъектісі Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысын, Ережелері мен Стандарттарын бірнеше рет бұзған жағдайларда;

2) мемлекеттің, жеке немесе заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтіріп, Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзған жағдайда;

3) Салық кеңесшісі субъектісінің Салық кеңесшісі туралы біліктілік куәлігін беру үшін негіз болып табылатын құжаттарда анық емес және (немесе) қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталған жағдайда.

43. Салық кеңесшісі туралы біліктілік куәлігін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімге жеке тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.

44. Салық кеңесшісі туралы біліктілік куәлігінен айыру туралы шешім Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ресми сайтында шешім қабылданған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде жарияланады.

45. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімнің негізінде салық кеңесшілерінің бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізеді.

46. Салық кеңесшісінің біліктілік куәлігінен айырылған адамдар біліктілігін қайта растау үшін үш жылдан кейін ғана жіберіледі.

10 бөлім. Салық кеңесшілерін ұйымдастыру

47. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысында белгіленген тәртіппен Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігін алған және Салық кеңесшілер ұйымдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға Салық кеңесшілері ұйымы болып табылады.

48. Салық кеңесшілер ұйымдарының құрамында қатысушы немесе қызметкер ретінде кемінде екі Салық кеңесшісі болуға тиіс.

11 бөлім. Салық кеңесшілері ұйымының құқықтары мен міндеттері

49. Салық кеңесшілері ұйымы құқылы:

1) Салықтық кеңес беру қызметтерін көрсетуге;
2) салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты орындау кезінде кеңес берілетін тұлғадан қажетті қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және өзге де құжаттаманы алу, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсіндірулермен бірге, толық және дұрыс мәліметтерді алуға;

3) кеңес берілетін тұлғадан алынған қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және өзге де құжаттаманы және осы құжаттамада көрсетілген мүліктің нақты болуын тексеруге;

4) салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету кезінде кеңес берілетін тұлғаның келісімімен салық кеңесшісінің кәсіптік құпиясын сақтау жөніндегі міндеттемені сақтай отырып, шарттық негізде әртүрлі бейіндегі мамандарды тартуға;

5) осы шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттан кеңес берілетін тұлғаға ол бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда бас тартуға;

6) мемлекеттік реттеуші органның немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдануға;

7) салықтық кеңес беруден ерекшеленетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

50. Салық кеңесшілері ұйымы міндетті:

1) ерікті негізде кәсіпкерлік қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының мүшесі болуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысын, Ережелері мен Стандарттарын сақтауға;

3) кеңес берілетін тұлғаға салықтық және бухгалтерлік есеп жүргізуде, салықтық және қаржылық есептілікте анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты және салық салуға байланысты өзге де ақпаратты беруге;

4) Салық кеңесшілернің кәсіби ұйымына мүшелігі кезінде Салық кеңесшілернің кәсіби ұйымы белгілеген жарналарды төлеуге;

5) салықтық кеңес беру барысында кеңес берілетін тұлғадан және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;

6) салық кеңесшілерінің кәсіби құпиясын жария етпеуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

12 бөлім. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігі

51. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігі заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің Жарғысында, Стандарттарда және Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат болып табылады, Салық кеңесшілер ұйымдарының бірыңғай тізіліміне енгізіледі және салықтық кеңес беруді жүзеге асырады.

52. «Салық кеңесшілері ұйымы» біліктілігін беру туралы шешімді Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының уәкілетті басқару органы заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің өтініші және Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы белгілеген нысан бойынша ұсынылатын, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар негізінде қабылдайды.

53. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің қолданылуы осы Стандартта немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының Жарғысында белгіленген жағдайларда тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

54. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Салық кеңесшілері ұйымының өтініші негізінде;

2) Салық кеңесшілері ұйымының Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының Жарғысын, оның Ережелері мен Стандарттарын сақтамауына байланысты;

3) Салық кеңесшілері ұйымының Жарғысы, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымдастыру Стандарттары мен Ережелерінің талаптарына уақытша сәйкес келмеуіне байланысты.

Біліктілік куәліктерінің қолданылуы осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған тұлғалар, сәйкессіздік туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымын хабардар етуге тиіс.

55. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының уәкілетті басқару органының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

56. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің қолданылуын тоқтату мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Салық кеңесшілері ұйымының өтініші негізінде;

2) заңды тұлға таратылған немесе жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған кезде;

3) Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінен айырылған жағдайда.

57. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінен айыру Салық кеңесшілері кәсіби ұйымы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Салық кеңесшілерінің ұйымы мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтірген Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзған жағдайда;

2) Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігін беру үшін негіз болып табылатын құжаттарда Салық кеңесшілері ұйымының анық емес және (немесе) қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталғанда жүргізіледі.

58. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімді Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы Жарғысының талаптарын, Стандарттарының және Ережелерінің талаптарын орындамаған жағдайда кәсіпкерлік қызмет саласындағы Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымын басқарудың уәкілетті органы қабылдауы мүмкін.

59. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы Салық кеңесшілері кәсіби ұйымының шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

60. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайда, Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы куәліктің қолданылуын тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың күні мен уақытын көрсете отырып, тиісті ақпаратты Салық кеңесшілері ұйымдарының бірыңғай тізіліміне енгізіп, оны Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының интернет-ресурсында жариялайды.

61. Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінен айырылған адамдар біліктілігін қайта растау үшін үш жылдан кейін ғана жіберіледі.

13 бөлім. Салықтық кеңес беру саласындағы қызметтер сапасының кепілдігі

62. Салықтық кеңес беру саласындағы қызметтер сапасының кепілдігі қамтамасыз етіледі:

1) «Салық кеңесшісі» немесе «Салық кеңесшілері ұйымы» біліктілігін беру, тоқтата тұру және тоқтату тәртібімен;

2) кәсіптік салықтық кеңес беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттарымен;

3) Салық кеңесшісі мен Салық кеңесшілер ұйымдарының қызметін Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымын өзін-өзі реттеу тетігімен;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) мен тұтынушылар және Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де тұлғалар арасында туындайтын тұтынушылық дауларды шешу жөніндегі комиссияны қалыптастыру және оның қызметімен;

5) Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікті қамтамасыз ету тәртібімен (сақтандыру және т.б.).

14 бөлім. Салықтық кеңес беру субъектілерінің жауаптылығы

63. Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ кеңес берілетін тұлғалармен шарттың талаптарын бұзғаны үшін салықтық кеңес беру субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

64. Салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтер көрсету туралы шартта салықтық кеңес беру субъектілері жауапкершілігінің өзге де түрлері, жауапкершіліктен босату шарттары, сондай-ақ тараптар арасында тәуекелдерді бөлу көзделуі мүмкін.

65. Салықтық кеңес беру субъектілерін жауаптылыққа тарту туралы шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.

15 бөлім. Салықтық кеңес беру кезінде мүліктік жауаптылықты қамтамасыз ету

66. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы өзінің мүліктік жауаптылығын және оның мүшелерінің жауаптылығын тапсырыс берушілер мен үшінші тұлғалар алдында мынадай тәсілдердің бірін қолданады:

1) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

2) оның мүшелерін мүліктік жауаптылыққа тарту арқылы жүзеге асырылады;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) мен тұтынушылар және Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де тұлғалар арасында туындайтын тұтынушылық дауларды шешу жөніндегі комиссияның шешімдерімен;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мүліктік жауаптылықты қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін пайдалану тәртібін.

67. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәртібі Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының ережелерінде белгіленеді.

68. Мүліктік жауаптылықты қамтамасыз ету шеңберінде өндіріп алуды қолдану мынадай жағдайлардың бірінде жүргізіледі:

1) кәсіби ұйымның салық кеңесшілерін талаптардың негізділігін және өндіріп алуды қанағаттандыру қажеттілігін тануы арқылы соттан тыс тәртіппен;

2) заңды күшіне енген сот немесе арбитраждық сот шешімінің негізінде.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02.
(КОЛЫ МӨР)

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02.
(КОЛЫ МӨР)

№3 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚ КЕҢЕСШІСІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Кіріспе:

Себебі:

1) Салық кеңесшісінің кәсіби тәуелсіздігі салық төлеушінің өз құқықтарын іске асыруы үшін елеулі кепілдік болып табылады және Салық кеңесшісі тарапынан білікті көмек алу үшін қажетті болып табылады;

2) Салық кеңесшілері мен Салық кеңесшілері ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың әділ жүйесі, олар кәсіби қызметін қандай да бір негізсіз шектеусіз, тікелей немесе жанама қысымсыз немесе араласусыз орындаған кезде олардың тәуелсіздігіне кепілдік береді, салық салудың әділдігі қағидатын сақтау құралы болып табылады;

3) барлық салық төлеушілер өздерінің азаматтық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін өздері сайлаған тәуелсіз Салық кеңесшісі тарапынан кәсіби көмек алу мүмкіндігіне ие болатындай жағдай жасау маңызды.

Қауымдастық пен СК палатасы осы «Салық кеңесшісінің кәсіби қызметінің тәуелсіздігі» Стандартын бекітті.

1 бөлім. Арнайы кәсіптік білім беру және Салық кеңесшісі маманы ретінде еркіндігі

1. Қажетті кәсіби біліктілігі бар әрбір адам Салық кеңесшісі болуға және өзінің кәсіби тәжірибесін шектеусіз және кемсітусіз жүзеге асыруға құқылы.

2. Салық кеңесшісінің кәсіби білімі барлық адамдарға қол жетімді болуы керек. Ешкімге түр сипаты, нәсілі, жынысы, діни сенімі, саяси немесе өзге де көзқарастары, ұлттық немесе әлеуметтік тиістілігі, меншіктің болуы немесе болмауы, шығу тегі, қоғамдық жағдайы, дене кемістіктеріне байланысты бас тартуға болмайды.

3. Салық кеңесшілерінің кәсіптік білімі құқықтық және әдеп нормаларын түсінуді, сондай-ақ елдің заңнамасында және халықаралық құқықта танылған адамның құқықтары мен бостандықтарының негіздерін қоса алғанда, Салық кеңесшісінің тәжірибесіне қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз етуге тиіс.

2 бөлім. Салық кеңесшілерінің өз қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі құқықтары мен міндеттері

4. Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының стандарттарын, әдеп нормаларын және белгіленген ережелерді басшылыққа ала отырып, Салық кеңесшілері өз міндеттерін орындау кезінде әрқашан еркін, адал және клиенттің заңды мүдделеріне сәйкес және биліктің немесе қоғамның араласуынсыз немесе қысымынсыз әрекет етуі керек.

5. Мемлекет және қоғам алдында Салық кеңесшісі өз клиентімен теңестірілмеуі тиіс.

6. Бірде-бір Салық кеңесшісі заңға сәйкес клиент тарапынан кеңес бергені немесе қызмет көрсеткені үшін қылмыстық, азаматтық, әкімшілік немесе өзге де санкцияларды қолдану қаупіне ұшырамауы тиіс.

7. Сот та, әкімшілік орган да Салық кеңесшілері салықтық қатынастарда клиенттің мүдделерін білдіру немесе осы сотта немесе өз клиентінің жағында сарапшы ретінде әрекет ету құқығын танудан бас тартпауға тиіс.

8. Осы қағидаттарды тиісінше қамтамасыз ету үшін Салық кеңесшісі өз борышын адал орындаған және сотта, трибуналда немесе басқа да заңды не әкімшілік органда кәсіби міндеттерін жүзеге асырған кезде жазбаша немесе ауызша нысанда өзі жасаған тиісті мәлімдемелер үшін қудалаудан азаматтық және қылмыстық иммунитетке ие болуға тиіс.

9. Салық кеңесшілері өздерінің кәсіби қызметін жүзеге асыруына байланысты діни сенім бостандығынан, өз ойларын білдіруден, бірлестіктерге жиналу немесе бірігу құқығынан айырылмауға тиіс, атап айтқанда, оларға құқық берілуге тиіс:

1) салық салу жүйесінің құқығы мен ұйымдастырылуына байланысты мәселелерді қоғамдық талқылауларға қатысуға құқылы;

- 2) жергілікті, республикалық және халықаралық ұйымдарға кіруге немесе оларды еркін құруға құқылы;
- 3) қоғам мүддесі үшін әзірленген салық реформаларын ұсыну және және осы мәселелер туралы қоғамды хабардар етуге құқылы.

3 бөлім. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымдарының міндеттері

10. Салық кеңесшілері кәсіби ұйымдарының тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері, оның ішінде:

- 1) Салық кеңесшісін клиенттен зияткерлік және экономикалық тәуелсіздігін қорғау;
- 2) Салық кеңесшілерінің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын, сондай-ақ олардың кәсіби тәуелсіздігін қорғау;
- 3) салық кеңесшілерінің азаматтық құқықтарын қорғау;
- 4) Салық кеңесшілерінің кәсіби көмегіне халықтың еркін және тең қол жеткізуіне ықпал ету;
- 5) салық реформаларын жүзеге асыруға ықпал ету, қолданыстағы және ұсынылып отырған салық заңнамасының мәнін түсіну, түсіндіру және қолдану проблемалары бойынша өз түсініктемелерін ұсына отырып, қоғамда пікірталастар өткізуге ықпал ету;
- 6) салық төлеушілер арасында салық білімі мен салық мәдениеті деңгейінің өсуіне, сондай-ақ Салық кеңесшілерінің рөліне қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ету;
- 7) қажетті кәсіптік даярлығы бар барлық адамдар үшін қандай да бір кемсітушіліксіз кәсіппен айналысуға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету және өзінің кәсіптік қызметін енді бастаған адамдарға көмек көрсету;
- 8) халықаралық Салық кеңесшілерінің ұйымдарына қосылу және олардың жұмысына қатысу.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және
бухгалтерлік есеп саласындағы
салық кеңесшілері мен
сарапшылары ұйымдарының одағы»
Қауымдастық нысанындағы жеке
кәсіпкерлер және заңды тұлғалар
бірлестігінің құрылтайшыларының
жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 ЖЫЛҒЫ



(ҚОЛЫ, МӨР)

№ 1 хаттамасы
2021 ЖЫЛҒЫ



(ҚОЛЫ, МӨР)

№4 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы №4 СКС салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету туралы шартты (бұдан әрі - шарт) жасау және рәсімдеу тәртібін белгілейді.
2. Осы №4 СКС Қауымдастық және СК палатасы мүшелерінің қызметінде қолдану үшін міндетті сипаттағы нормаларды қоспағанда, ұсынымдық сипатқа ие.

2 бөлім. Шарт жасау жөніндегі талаптар

1. Салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтер Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының мүшелері (бұдан әрі – Кеңесші) мен заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай – ақ жеке тұлғалар (бұдан әрі- Кеңес берілетін тұлға немесе клиент) арасында салықтық кеңес беру субъектілері арасында жазбаша нысанда жасалған шарт негізінде көрсетіледі.
2. Шарт тараптарының әрқайсысына бір - бір данадан, екі дана шарт жасалады.
3. Кеңесші Кеңес берілетін тұлғамен оның тұрғылықты жеріне және

(немесе) орналасқан жеріне (пошталық мекен - жайына) қарамастан шарт жасасуға құқылы.

4. Шартта мынадай талаптар болуға тиіс:

- 1) шарттың мәні;
- 2) қызмет көрсету мерзімдері;
- 3) көрсетілетін қызметтер үшін жүргізілетін төлемнің мөлшері, шарттары және мерзімдері;
- 4) Кеңесші мен Кеңес берілетін тұлғаның құқықтары мен міндеттері;
- 5) шарт бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

б) құпиялылық туралы шарттар.

5. Шартта қолданылып жүрген заңдарға және тараптардың келісіміне сәйкес өзге де талаптар белгіленуі мүмкін.

6. Кеңес берілетін тұлғаға оның талап етуі бойынша шартқа Салық кеңесшілері ұйымының біліктілік куәлігінің және (немесе) Салық кеңесшілерінің біліктілік куәлігінің көшірмесі қоса беріледі.

7. Шартта бір мезгілде салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтердің бір немесе бірнеше түрі көзделуі мүмкін.

8. Шарттар келесі түрде болуы мүмкін:

1) шарт жасасу кезінде көрсетілген нақты мәселе (бірқатар мәселелер) бойынша салықтық кеңес беруді көздейтін біржолғы тақырыптық қызметтер көрсетуге;

2) шарттың қолданылу кезеңінде жазбаша және ауызша нысанда берілетін салық салуға байланысты кез келген мәселелер бойынша кеңес беруді көздейтін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қызметтер көрсетуге;

3) салық және өзге де бақылаушы органдарда, сондай-ақ сотта клиенттің (тапсырыс берушінің) мүдделерін білдіру жолымен салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсетуді көздейтін;

4) салықтық есепке алуды ұйымдастыру мен жүргізудің дұрыстығына тексеру жүргізуге, сондай-ақ клиентте салықтық тәуекелдердің болуын тексеруге;

5) салықтық кеңес берудің өзге де кәсіби қызметтерін көрсетуге құқығы бар.

9. Салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету мерзімдері шарттың нысанасына қарай белгіленеді және тараптардың келісімімен айқындалады.

10. Салықтық кеңес беру бойынша көрсетілетін қызметтер үшін жүргізілетін төлемнің мөлшері, шарттары мен мерзімдері шарттың нысанасына және қызметтер көрсету мерзіміне қарай белгіленеді және тараптардың келісімімен айқындалады.

11. Кеңесші шартты заңнамада және шартта белгіленген тәртіппен және шектерде орындамау немесе тиісінше орындамау салдарынан клиентке (тапсырыс берушіге) залал келтіргені үшін жауапты болады.

12. Егер мұндай салдар клиенттің (тапсырыс берушінің) жалған ақпарат беруіне байланысты туындаса, Кеңесші көрсетілген қызметтің салдары үшін жауапты болмайды.

13. Кеңесші кеңес берілетін адамның келісімімен салықтық кеңес беруге қатысуға шарт бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті басқа да мамандарды тартуға құқылы.

14. Шартты өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «18» 02



(ҚОЛЫ, МӨР)

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «18» 02



(ҚОЛЫ, МӨР)

№ 5 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ БОЙЫНША ЕСЕПТІ (ҚОРЫТЫНДЫНЫ) ЖАСАУ ЖӘНЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұл №5 СКС Кеңес берілетін тұлғаға салықтық кеңес беру бойынша қызмет көрсететін Кеңесшінің салықтық кеңес беру жөніндегі немесе салықтық қатынастар мәселелері бойынша қорытынды беру жөніндегі есепті жасау және ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Бұл СК палатасының №5 СКС талаптары Қауымдастық және СК палатасы мүшелерінің қызметінде қолданылуы міндетті.

2 бөлім. Салықтық кеңес беру бойынша есеп

3. Салықтық кеңес беру жөніндегі есеп (бұдан әрі – есеп) – Кеңесші Кеңес берілетін тұлғаға ұсынатын, салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтер көрсету туралы шарттың (бұдан әрі-шарт) орындалу нәтижелері туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қамтитын құжат.

4. Есеп жазбаша нысанда жасалады және Кеңесшінің шартты орындау барысында дайындалған тұжырымдары мен ұсынымдарын растау үшін негіз болып табылады.

5. Есептің мазмұны шарттың мәніне және салықтық кеңес беру бойынша қызмет көрсету тәртібіне байланысты. Есеп еркін нысанда жасалады және міндетті түрде мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) клиенттің мекен - жайы, атауы немесе аты - жөні;
- 2) Есеп жасалатын шарттың нөмірі, күні және мәні;
- 3) Кеңесшінің аты, шартты орындауға қатысқан Салық кеңесші(лер) туралы мәліметтер.

6. Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде біржолғы қызметтер көрсету және қызметтер көрсету туралы салықтық кеңес беру жөніндегі шарттар бойынша есепте жоғарыда көзделген ақпараттан басқа, шарт мәнінде көрсетілген мәселенің мазмұны, қойылған мәселелерге қатысты уәкілетті органдардың нормативтік-құқықтық актілері мен түсіндірмелерінің тізбесі, сондай-ақ салық міндеттемелерін орындаудың дұрыстығы мен толықтығы және салық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында қойылған мәселелерді шешу жөніндегі тұжырымдар мен ұсынымдар баяндалады, мұндай ұсынымдар шарттың талаптарында көзделген кезде.

Егер қызмет көрсету кезінде клиентке жазбаша түрде түсініктемелер берілсе, онда есепте жазбаша түсіндірулердің нөмірлері мен күндері олардың көшірмелері қоса беріле отырып көрсетіледі.

7. Салық және өзге де бақылаушы органдарда, сондай-ақ сотта клиенттің мүдделерін білдіру туралы шарттар бойынша есепте клиенттің мүдделерін білдіру барысында Салық кеңесшісі жасаған іс-әрекеттері мен қол жеткізген нәтижелерін көрсетеді. Есепте шартты орындау барысында қол жеткізілген нәтижелер ғана көрсетілуі мүмкін.

8. Шарттың талаптарына сәйкес есепте басқа да ақпарат болуы мүмкін.

3 бөлім. Есепті жасау және клиентке ұсыну тәртібі

9. Есепке Салық кеңесшісі қол қояды. Салық кеңесшілерінің ұйымы қызметтер көрсеткен жағдайда, есепке салық кеңесін жүзеге асырған Салық кеңесшісі және Салық кеңесшілері ұйымының уәкілетті лауазымды адамы қол қояды және оның мөрімен куәландырылады.

10. Есеп клиентке шарттың талаптарына сәйкес мерзімде және тәртіппен ұсынылады.

11. Клиент есепті шартта белгіленген мерзімде алғаннан кейін Кеңесшіні жалпы мазмұны бойынша есептің қабылданғаны туралы не жекелеген мәселелерді нақтылау қажеттігі туралы хабардар етеді. Егер есепті қабылдау мерзімі шартта белгіленбесе, есеп клиент оны алған күннен бастап 10 күн өткен соң қабылданды деп есептеледі.

12. Есепте қамтылған ақпарат құпия болып табылады және тараптардың жария етуіне жатпайды.

4 бөлім. Есептің мазмұны үшін жауаптылық

13. Кеңесші өзінің пікірі бойынша қолданылуы құқықтық тәуекелдердің туындауына әкеп соғатын құжаттар мен ақпаратты дәлел ретінде пайдаланбауға құқылы, бұл туралы клиентке ықтимал тәуекелдер көрсетіле отырып хабарланады.

14. Егер мұндай салдар клиенттің дұрыс емес ақпарат беруіне байланысты туындаса, Кеңесші көрсетілген қызметтің салдары үшін жауап бермейді.

15. Кеңесші клиентке жасалған шартқа сәйкес салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету барысында туындайтын елеулі құқықтық тәуекелдер туралы ескертуге міндетті.

16. Заңнаманың немесе шарттың талаптарына жауап бермейтін есеп пен қорытынды жасаған Кеңесші, шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап береді.

5 бөлім. Салық қатынастары мәселелері бойынша қорытынды

17. Салық кеңесшілерінің, Салық кеңесшілері ұйымының немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының салық қатынастары мәселелері жөніндегі қорытындысы (бұдан әрі – қорытынды) – салық қатынастары мәселелері бойынша оны құзыретті және бақылаушы органдарға, сондай-ақ сотқа ұсыну үшін, оның ішінде салық төлеушінің ұстанымын дәлелдеу мақсатында ықтимал, жазбаша нысанда білдірілген кәсіби тәуелсіз пікірді қамтитын құжат.

18. Қорытынды еркін нысанда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеуші не қорытынды жасау үшін қажетті ақпаратқа ие өзге тұлға берген ақпарат негізінде жасалады.

19. Қорытындыда Салық кеңесшілерінің, Салық кеңесшілері ұйымының немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының негізделген маман ретіндегі пікірі егжей-тегжейлі баяндалуға тиіс.

20. Қорытындыға Салық кеңесшілерінің, Салық кеңесшілері ұйымының немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының уәкілетті лауазымды адамы қол қояды және мөрмен расталады.

21. Қорытынды клиентке немесе клиент тағайындаған өзге тұлғаға шартта көрсетілген тәртіппен және мерзімде беріледі.

6 бөлім. Қорытындының мазмұны үшін жауапкершілік

22. Салық кеңесшілерінің (Салық кеңесшілері ұйымының немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының) пікірі бойынша құқықтық тәуекелдердің туындауына әкеп соғатын құжаттар мен ақпаратты дәлелдемелерді пайдаланбауға құқығы бар, бұл туралы ықтимал тәуекелдердің бар екендігі көрсетіле отырып, клиентке (өзге тапсырыс берушіге) хабарланады.

23. Салық кеңесшілері (Салық кеңесшілері ұйымы немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы) егер мұндай салдар клиенттің (өзге тапсырыс берушінің) дұрыс емес ақпарат беруіне байланысты туындаған болса, қорытынды беру бойынша көрсетілген қызметтің салдары үшін жауапты болмайды.

24. Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе шарттың талаптарына жауап бермейтін қорытындыны жасау үшін Салық кеңесшілері (Салық кеңесшілері ұйымы немесе Салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымы) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



ҚОЛЫ, МӨРІ

№ 1 хаттамасы
2021 жылғы «12» 02



(ҚОЛЫ, МӨРІ)

№6 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

1 бөлім Жалпы ережелер

1. Бұл №6 СКС салық органдары салықтық тексерулер жүргізген кезде клиентке салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы №6 СКС талаптары Қауымдастық және СК палатасы мүшелерінің қызметінде қолданылуы міндетті.

2 бөлім. Салықтық тексерулер жүргізу кезінде көрсетілетін қызметтер

3. Салықтық тексерулер жүргізу кезінде салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтер (бұдан әрі – қызметтер) шарт негізінде көрсетіледі және мыналарды қамтуы мүмкін:

1) тексеру барысында туындайтын нақты мәселелер бойынша қорытынды беру, осы мәселелер бойынша клиенттің (сенім білдірушінің)

салық органдары алдындағы ұстанымын растайтын құжаттарды (дәлелдемелерді) ұсыну бөлігінде ұсынымдар әзірлеу;

2) салықтық тексеру шеңберінде жүргізілетін салық органдарының іс-әрекеттерін қадағалау (салық төлеушінің аумағы мен үй-жайын зерттеу, мүлікке түгендеу жүргізу, құжаттар мен заттарды алып қою және т. б.) және клиентке жүргізілетін іс-қимылдардың заңдылығы туралы қорытынды беру;

3) салықтық тексеру нәтижелерін (салықтық тексеру актісін немесе салықтық тексерудің алдын ала актісін) талқылау кезінде салық органының лауазымды тұлғаларымен қатынастарда клиенттің мүдделерін білдіру;

4) Шартта салықтық тексеру нәтижелері бойынша салық органының шешіміне шағым жасау жөнінде ұсынымдар дайындау көзделуі мүмкін.

3 бөлім. Салықтық тексеру жүргізу кезінде қызметтер көрсету жөніндегі арнайы талаптар

4. Салық Кодексінің «Салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері» деп аталатын 13-бабына сәйкес салық төлеуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарда жеке өзі немесе заңды өкілі арқылы немесе Салық кеңесшісінің қатысуымен өз мүдделерін білдіруге құқылы.

5. Кеңесші салықтық тексеру жүргізу кезінде салықтық кеңес беру қызметтерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының талаптарын басшылыққа алады, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық органдарының құқықтарына қатысты заңнаманың талаптарын сақтайды.

6. Кеңесші қорытындылар дайындау кезінде оның пікірі бойынша құқықтық тәуекелдердің туындауына әкеп соғатын құжаттар мен ақпаратты дәлелдемелерді пайдаланбауға құқылы, бұл туралы клиентке ықтимал тәуекелдер көрсетіле отырып хабарланады.

7. Кеңесші клиенттің келісімінсіз салық органдарына, сондай-ақ өзге тұлғаларға, клиентке қатысты қызметтер көрсету барысында алынған ақпаратты хабарлауға құқылы емес.

8. Кеңесшінің тексеру актісінде тұжырымдар мен қорытындыларға пікірін білдіруі, салықтық тексеру актісі бойынша қарсылықтарды дайындауы жазбаша нысанда ұсынылады.

9. Көрсетілген қызмет бойынша есепті жасау кезінде Кеңесші міндетті түрде салық органының салықтық тексеру материалдарын қарау кезінде және ол бойынша шешім қабылдау кезінде назарға алынбаған негізделген қарсылықтары бар позициясын көрсетеді.

10. Егер шартта өзгеше көзделмесе, салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету салықтық тексерудің басталған күніне қарамастан жүзеге асырылады.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы

2021

жылғы

«18» 02

(қолы, мөр)

№ 1 хаттамасы

2021

жылғы

«18» 02

(қолы, мөр)

№7 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚ ДАУЫН СОТҚА ДЕЙІН РЕТТЕУ БАРЫСЫНДА ЖӘНЕ (СЕНІМ БІЛДІРУШІНІҢ) СОТТА КЛИЕНТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН БІЛДІРУ

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұл №7 СКС салық дауын сотқа дейін реттеу барысында және сотта клиенттің мүдделерін білдіру тәртібін айқындайды.
2. Бұл №7 СКС талаптары Қауымдастық және СК палатасы мүшелерінің қызметінде қолданылуы тиіс.
3. Осы №7 СКС қылмыстық істі қарау барысында Салық кеңесшілерінің қатысуына қолданылмайды.

2 бөлім. Салық дауын сотқа дейін реттеу барысында клиенттің мүдделерін білдіруге салықтық кеңес беру бойынша қызметтер

4. Салық дауын сотқа дейін реттеу барысында клиенттің мүдделерін білдіруге салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтер мыналарды қамтиды:

- 1) салықтық тексеру материалдарының заңнама талаптарына, оларды қарау тәртібіне, сондай-ақ салық органының өзге де шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сәйкестігін талдау;

2) салық органының шешіміне шағымдану үшін құқықтық ұстанымды әзірлеу;

3) клиенттің позициясын растайтын құжаттарды таңдау;

4) салық органының шешіміне шағым жасау және апелляциялық комиссияға беру;

5) шағымды қарау кезінде апелляциялық комиссияда клиенттің мүдделерін білдіру.

5. Бұл №7 СКС сәйкес қызмет көрсететін Кеңесші клиентке салықтық дау бойынша барлық мән-жайларды және ықтимал салдарларды түсіндіреді.

6. Кеңесші клиентпен салықтық дау бойынша өз ұстанымын және болжамды іс-әрекеттерді келіседі.

7. Кеңесші салық дауын шешу бойынша қатысуға клиенттің өкілетті өкілдерін, сондай-ақ клиентпен келісім бойынша үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

3 бөлім. Сотта клиенттің мүддесін білдіруге салықтық кеңес беру бойынша қызметтер

8. Сотта клиенттің мүдделерін білдіруге салықтық кеңес беру қызметтері мыналарды қамтиды:

1) салықтық тексеру материалдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оларды қарау тәртібіне, сондай-ақ салықтық тексеру материалдарын немесе салық органының өзге де шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) қарау нәтижелері бойынша салық органы шешімінің сәйкестігін талдау;

2) салық органының шешіміне сотқа шағым жасау және шағым жасау үшін құқықтық ұстанымды әзірлеу;

3) клиенттің позициясын растайтын құжаттарды таңдау;

4) салық органының шешіміне және/немесе заңнамаға сәйкес сот актілеріне шағымдану бойынша сотқа талап қою;

5) сотта клиенттің мүддесін білдіру.

9. Сотта клиенттің мүддесін білдіру қолданыстағы заңнамаға сәйкес берілген сенімхат негізінде жүзеге асырылады.

10. Бұл №7 СКС сәйкес қызмет көрсету үшін Кеңесші сотта дәлел ретінде клиентпен келісім бойынша ұсынылған құжаттарды, заңнама актілерін, уәкілетті органдардың түсіндірмелерін және басқа да құжаттарды пайдаланады.

11. Кеңесші клиентпен жасалған шартта және сенімхатта көрсетілген барлық сот инстанцияларына қатысады.



САЛЫҚТЫҚ
КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ
ПАЛАТАСЫ

БЕКІТІЛДІ:

«Салық кеңесшілері палатасы»
(республикалық мәртебе)
қоғамдық бірлестігі мүшелері
Конференциясының



БЕКІТІЛДІ:

«Салық салу, аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы салық кеңесшілері мен сарапшылары ұйымдарының одағы» Қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің құрылтайшыларының жалпы жиналысының

№ 1 хаттамасы

2024 жылғы «18» 02

(қолы, мөр)

№ 1 хаттамасы

2024 жылғы «18» 02

(қолы, мөр)

№8 СКС салықтық кеңес беру стандарты

САЛЫҚ КЕҢЕСШІЛЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАСЫНА ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Бұл №8 СКС Салық кеңесшілері ұйымының жұмыс сапасына ішкі бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айқындайды.
2. Бұл №8 СКС талаптары Қауымдастық және СК палатасы мүшелерінің қызметінде қолданылуға міндетті.

2 бөлім. Салық кеңесшілері ұйымдарының жұмыс сапасын ішкі бақылау

3. Салық кеңесшілері ұйымдарының жұмыс сапасын ішкі бақылау деп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және салық кеңесшілерінің кәсіби ұйымының стандарттарына сәйкес салықтық кеңес беру жөніндегі қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру шараларының кешені түсініледі.
4. Салық кеңесшілерінің ұйымы өзінің ерекшелігін ескере отырып, салық кеңесшілерінің жұмыс сапасын бақылаудың ішкі рәсімдерін белгілеуге, сондай-ақ сапаны бақылауды тиісінше ұйымдастыру үшін қажетті

ішкі ережелерді, нұсқаулықтар мен өзге де құжаттарды әзірлеуге және бекітуге құқылы.

3 бөлім. Салық кеңесшілері ұйымы жұмысының сапасын ішкі бақылау жүйесі

5. Салық кеңесшілерінің ұйымының жұмыс сапасын ішкі бақылау жүйесі мыналарды қамтуға тиіс:

1) Салық кеңесшілерінің ұйымы олардың өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін қажетті білімі, іскерлігі мен дағдылары бар Салық кеңесшілерін іріктеу;

2) кәсіби біліктілік ерекшеліктеріне сәйкес келетін Салық кеңесшілеріне күрделі тапсырмаларды беру;

3) салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсету барысында қажетті талаптарға жауап беретін нұсқаулар негізінде жұмыстарды орындау;

4) салық кеңесшілері өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайларда оларға қатысты қажетті шаралар қолдану;

5) салық кеңесшілерінің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және іске асыру.

6. Салық кеңесшілері жұмысының сапасын ішкі бақылау мынадай түрлерін қамтиды:

1) алдын ала;

2) ағымдағы;

3) қорытынды.

7. Алдын ала ішкі бақылау салықтық кеңес беру бойынша қызметтер көрсетудің жалпы жоспарын дайындау кезінде жүзеге асырылады.

8. Ағымдағы ішкі бақылау басшылық нұсқаулары мен орындалған жұмысты тексеру элементтерін қамтиды.

9. Қорытынды ішкі бақылау жұмыстың (көрсетілетін қызметтің) нәтижелерін тексеруден тұрады.

10. Қажет болған жағдайда, салық кеңесшілері ұйымының уәкілетті лауазымды адамы жұмыс құжаттарында тексерілетін тұлғаға баға береді, өзінің ескертулерін, түсініктемелерін немесе ұсынымдарын баяндайды.

4 бөлім. Қорытынды ережелер

11. Әрбір Салық кеңесшісі оның жұмысының сапасын ішкі бақылауды ұйымдастырумен танысуы керек.

12. Салық кеңесшісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық кеңесшілері ұйымының алдында жұмысты сапасыз, уақтылы орындамау және (немесе) коммерциялық құпияны жария ету нәтижесінде салық кеңесшілері ұйымына келтірілген нақты залал мөлшерінде жауапты болады.